

## АРАЛ ТЕҢІЗІНІң ҚҰРҒАҒАН ТАБАНЫНДАҒЫ ҚАРАПАЙЫМ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ АНТРОПОГЕНДІК ШӨЛЕЙТТЕНУІНЕҢ ТҮЗ ҚҰРАМДАРЫНЫң ӨЗГЕРУІ

(ҚР АПМ Ф.О. Оспанов атындағы Топырактану институты)

*Арал теңізі табанындағы қарапайым топырақтардың трансформациялануынан түз құрамдарының өзгеруі қарас-тырылады. Нәтижесінде сульфат түздарының көбейіт, ал хлорид түздарының азаюы байқалады.*

Арал су бассейніндегі су-жер ресурстарын дұрыс пайдаланбау, ондағы гидроморфты ландшафттардың қуандануына, топырактың тұздануына, табиғи ортаның кедейленуіне және жергілікті халықтардың экологиялық және қоғамдық жағдайларының нашарлауына алып келеді. үлкен Аралдың минералдығы 60 г/л жетіп гипергалинді көлдер катарына қосылды [1]. Жалаңаштаған теңіз ұлтандың басым көпшілігі афитогенді шақат немесе жылжималы құм шағылдары. Лагуналар мен шығанактар беті біртұтас түз басқан сорларға айналған. Осы кең байтақ аймақтың женіл саздақты, құмдақты және құмды топырактарды дефляция ошағына айналып коршаған ортанды улы түздармен ластауда [2]. Арал теңізінің зардаптары онымен іргелес жатқан елдердің экологиялық тепе-тендігін шайқалтты. Оның қоғамдық экономикалық аспектте тигізген зияны ұшантеніз. Осы тұрғыдан қарағанда қарапайым топырактардағы түздардың түрлік құрамын анықтаудың езіндік орны бар.

Ландшафт даму жағдайының шүғыл алмасуы құрғаған теңіз табанындағы топырақ түзілу үрдісінің орасан зор қозғалмалығын туғызады. Бұл сонымен катар кеңістік пен мерзімде де топырақ жамылғысының тұрактанбауын және оның аумақтық белдеулігін анықтайды [3,4]. Жаңа жалаңаштаған теңіз табанындағы тұнба-шөгінділердің әркелкілігі

және сонымен катар, теңіз жағасы типтерінің аймактық ерекшеліктері де топырақ жамылғысының қалыптасуында ала-құлалық туғызады. Теңіз шөгінділері жалаңаштануының бастапқы кезеңінде шөлдік климат тұздану үрдісінің жан-жақты дамуын басқарады. Бірақта одан кейінгі аридтік ықпалдар түрі оның тұзыздануына және топырақ түзілу үрдісінің зональдық типіне көшуіне мүмкіндік туғызады. Бұл үрдістің бағыты өз кезеңінде литологиялық жағдайларға байланысты [5,6].

Женіл литологиялық گрунттар үшін топырактың экологиялық-генетикалық қатарының дамуы дефляциялық үрдістердің көрінуімен бірлесе жүреді. Топырақ түзілу үрдісі бірқатар сатыдан тұрады: марштық сортандар ® теңіз бойының сортандары ® теңіз бойының тұзданған топырактары ® теңіз бойының үрме құммен құндақталған топырактары ® құмды топырактар.

Ауыр литологиялық گрунттарда топырактардың даму бағыттары тәмемделгідей: марштық сортандар ® теңіз бойының сортандары ® қабыршакты-борпылдақ сортандар ® тақыр тәрізді сортандар ® тақыр тәрізді топырактар.

Марштық сортандар теңіз суының жиегі бойындағы қарқыны жоғары құма толқынмен шайылатын есімдіксіз теңіз жағажайында таралған. Теңіз бойының сортандары теңіз түпкі шөгінділерінің жала-

наштануынан бастап 1-2 жыл еткен жолақтарында грунттардың ылғалмен жеткілікті мөлшерде қанықкан және жақсы қылтұтіктік талауранған бір жылдық галофиттік есімдіктер (сора мен бұзаубас) жамылғысы астында қалыптасады [7]. Марштық сортаңдармен жалғаса отырып бұл топырақ кең өнірді жайлайды.

Талдаулық деректерге қарағанда, хлоридтер мен сульфат иондары арасында кері байланыс орнаған. Марштық сортаңдар катиондарының иондық құрамы топырактың 10 см қабатында теңіздік, ал төменгі қабаттарында континенталдыққа айналды. Теніз бойы сортаңдарына трансформацияланғанда топырактың бүкіл кескіні бойынша теңіздік болды. Марштық сортаңдардың гипотетикалық тұздарының түрлік құрамы сульфат тұздарының үш түрінен ( $MgSO_4$ ,  $CaSO_4$ ,  $Na_2SO_4$ ) және хлорид тұздарының үш түрінен ( $NaCl$ ,  $KCl$ ,  $CaCl_2$ ) құралады. Теніз бойы сортаңдары тұздарының түрлік құрамындағы кальций хлоридтерінің орнын магний хлоридтері алмасырады. Сульфат және хлорид тұздарының қатынасы марштық сортаңдарының 30 см қабатында 0,777; ал жарты метр қабатында 0,816 айналды. Хлорид тұздары сульфат тұздарынан басым келеді, >1. Теніз бойы сортаңдарында осы аталған тұздардың өзара катынасы олардың 30 см қабатында 0,837; ал жарты метрлік қабатында 1,011 дейін шарықтап, нәтижесінде сульфат және хлорид тұздары өзара теңестірілді (кесте).

Мерзімдік аспектте ( $Ct^m$  ®  $Ct^{k6}$ ) топырактың 30 см қабатында сульфат тұздарының қоры артса, ал жарты метрлік қабатында хлорид тұздарының арақатынасы артты. Солардың ішінде кальций және магний хлоридтері өзара тең болды. Қалған барлық сульфат және хлорид тұздарының қоры артты. Марштық сортаңдардың 0–70 см қабатындағы уытты тұздардың жалпы қоры 83,20% болса, соның ішінде хлоридтер 53,46; ал сульфаттар 29,74% құрады. Теніз бойы сортаңдарының бір метрлік қабатындағы уытты тұздардың жалпы қоры 83,74% болса, соның ішінде хлоридтер 49,67; ал сульфаттар 34,07% құрады. Тұздар жиынтығының артуынан тұздану уыттылығының жиынтық эффектісі де артты.

Қабыршақты сортаңдар көбінесе женіл және орта гранулометриялық шегінділерге тән. Талдаулық деректерге қарағанда хлоридтер мен сульфаттар арасында кері байланыс орнаған. Катиондардың иондық құрамы топырактың 30 см қабатында континентальдық болса, ал қалған төменгі қабаттарында теңіздік болды. Мерзімдік аспектте барлық есептік қабаттары бойынша континентальдыққа айналды. Бастапқы кезде гипотетикалық тұздарының түрлік құрамына магний сульфаты кірген болатын. Нәтижесінде сульфат және хлорид тұздарының қатынасы топырактың 0–30 см қабатында 1,150 болса, 0–100 см-де 0,780; ал 0–200 см қабатында 0,899 айналды. Мерзім бойынша сульфат тұздарының арақатынасы осы аталған есептік қабаттарда 1,248; 1,481 және 1,370 құраса, ал хлоридтер 0,705; 0,598 және 0,742 құрады. Сөйтіп  $CaSO_4$  және  $Na_2SO_4$  тұздарының барлық есептік қабаттындағы үлесі 55,25 және 70,12% құрады. Хлорид тұздары  $MgCl_2$ ,  $NaCl$  тұздары есебінен азайды. Кеңістікте ( $Ct^k$  ®  $Ct^{k6}$ ) топырактың 0–30 см қабатындағы сульфат тұздарының қатынасы 1,319; ал 0–100 см қабатында 1,526; есептік 0–200 см қабатында 1,174 құраса, ал хлоридтер осы есептік қабаттарда 0,642; 0,571 және 0,825 құрады. Нәтижесінде  $CaSO_4$ ,

рактың 30 см қабатында 0,731; ал бір метрлік қабатында 0,701 құрады. Хлорид тұздары сульфат тұздарынан басым келеді >1. Мерзім бойынша осы аталған тұздардың өзара қатынасы оның 0–30 см қабатында 1,121 дейін көтеріледі де, ал бір метрлік қабатында 0,893 дейін құлдырады. Сульфат тұздарының топырақ қабаты тереңдеген сайын азайды, ал хлорид тұздарының молая беретінін байқаймыз (кесте). Тұздардың түрлік құрамы хлорид тұздарының үш түрінен ( $NaCl$ ,  $MgCl_2$ ,  $KCl$ ) және сульфат тұздарының үш түрінен ( $CaSO_4$ ,  $MgSO_4$ ,  $Na_2SO_4$ ) құрылды.

Қабыршақты сортаңдардың 0–175 см қабаттындағы уытты тұздардың жалпы қоры 75,48%, соның ішінде хлоридтер 51,94; ал сульфаттар 23,54% құрады. Тұдану уыттылығының жиынтық эффектісінің төмендеуіне кальций сульфаттарының теңіздікте екінші орынға шығуы мен хлорид тұздарының азаою себеп болды. Химизм типі сульфат-ты-хлоридті, магний-натрийлік болды.

Қабыршақты-борпылдақ сортаңдар алғашында афитогендік жағдайда, женіл литологиялық шегінділердегі жер бедерінің көтерінкі элементтерінде қалыптасады. Шөлейттенудің барысында олар әолдық үрдіске ұшырайады. Жерасты ыза супарының жақын орналасып және оның топырактың тұрақты талауратқан жағдайларында, қабыршақты-борпылдақ сортаңдар ұзақ мерзім бойы трансформацияланbastan сактала береді.

Талдаулық деректерге қарағанда, хлоридтер мен сульфаттар арасында кері байланыс орнаған. Катиондардың иондық құрамы топырактың 30 см қабатында континентальдық болса, ал қалған төменгі қабаттарында теңіздік болды. Мерзімдік аспектте барлық есептік қабаттары бойынша континентальдыққа айналды. Бастапқы кезде гипотетикалық тұздарының түрлік құрамына магний сульфаты кірген болатын. Нәтижесінде сульфат және хлорид тұздарының қатынасы топырактың 0–30 см қабатында 1,150 болса, 0–100 см-де 0,780; ал 0–200 см қабатында 0,899 айналды. Мерзім бойынша сульфат тұздарының арақатынасы осы аталған есептік қабаттарда 1,248; 1,481 және 1,370 құраса, ал хлоридтер 0,705; 0,598 және 0,742 құрады. Сөйтіп  $CaSO_4$  және  $Na_2SO_4$  тұздарының барлық есептік қабаттындағы үлесі 55,25 және 70,12% құрады. Хлорид тұздары  $MgCl_2$ ,  $NaCl$  тұздары есебінен азайды. Кеңістікте ( $Ct^k$  ®  $Ct^{k6}$ ) топырактың 0–30 см қабатындағы сульфат тұздарының қатынасы 1,319; ал 0–100 см қабатында 1,526; есептік 0–200 см қабатында 1,174 құраса, ал хлоридтер осы есептік қабаттарда 0,642; 0,571 және 0,825 құрады. Нәтижесінде  $CaSO_4$ ,

**Кесте. Тұздардың түрлік құрамдарының антропогенттік шөлейттенуден өзгеруі**

Топырак типтері	Ұлғані алу жылдары	Тұздылығы, %			Бикарбонат тұздарының үлесі, %			Сульфат тұздарының үлесі, %			Хлорид тұздарының үлесі, %		
		0-30	0-100	0-200	0-30	0-100	0-200	0-30	0-100	0-200	0-30	0-100	0-200
Марштық сортаң Теніз бойының сортаңы	1989	2,18±0,48	-	-	0,78±0,21	-	-	43,18±2,97	-	-	56,04±2,53	-	-
Қабыршақты сортаң	1995	4,28±0,33	3,02±0,26	-	0,48±0,02	0,59±0,05	-	46,52±2,29	49,67±3,10	-	53,00±2,63	49,74±1,92	-
Қабыршақты- борпылдақ сортаң	1989	3,45±0,25	2,46±0,21	-	0,44±0,03	0,50±0,02	-	41,97±1,65	41,02±1,74	-	57,59±2,23	58,48±2,99	-
Қабыршақты- борпылдақ сортаң	1995	2,71±0,16	2,51±0,23	2,42±0,21	0,66±0,03	0,49±0,03	0,64±0,05	53,15±3,27	43,73±2,56	47,04±3,41	46,19±3,30	55,78±2,28	52,32±2,98
Тақырланушы сортаң	1989	2,51±0,27	1,30±0,07	1,24±0,09	1,75±0,15	1,69±0,07	1,46±0,05	56,17±5,41	45,07±3,92	40,31±3,34	42,08±4,62	53,24±3,43	58,23±4,39
Тақыр тәрізді сортаң	1995	1,84±0,18	1,18±0,12	1,36±0,10	1,09±0,10	1,36±0,04	1,11±0,09	70,12±5,11	66,77±4,67	55,25±5,95	29,67±3,89	31,87±3,38	43,21±2,84
Тақырланушы сортаң	1989	1,68±0,11	2,16±0,21	2,15±0,07	0,60±0,04	0,46±0,04	0,77±0,03	59,15±3,25	47,19±3,21	46,55±1,70	40,25±2,70	52,35±3,17	52,68±2,41
Тақыр тәрізді сортаңданған топырақ	1995	2,95±0,22	280±0,18	2,23±0,17	0,34±0,02	0,61±0,03	0,94±0,04	56,58±2,57	56,57±2,79	52,40±2,24	43,08±2,80	42,82±2,73	46,66±2,76
Тақыр тәрізді сортаңданған топырақ	1989	1,30±0,17	1,03±0,09	-	1,46±0,02	1,50±0,03	-	37,95±2,40	41,74±1,93	-	61,02±2,38	56,57±1,99	-
Тақыр тәрізді сортаңданған топырагы	1977	1,46±0,09	1,18±0,05	-	1,51±0,04	2,71±0,05	-	35,23±2,07	66,56±2,05	-	63,38±2,24	31,94±1,32	-
Тақыр тәрізді сортаңданған топырагы	1979	1,12±0,11	0,56±0,03	0,40±0,03	1,60±0,05	6,61±0,63	12,12±0,76	88,50±1,47	56,43±2,83	42,37±2,39	9,90±0,57	36,96±1,28	45,51±2,21
Үрме күммен күмдакталған теніз бойының топырагы	1984	0,22±0,03	0,54±0,03	0,49±0,05	13,70±0,85	5,51±0,32	7,14±0,34	54,49±2,21	53,16±2,13	48,81±2,56	31,81±2,15	41,29±1,89	44,05±2,29
Аллювиальды- шалғын топырақ	1995	0,04±0,01	0,35±0,04	0,411±0,04	63,13±2,54	7,36±0,56	8,20±0,38	25,10±1,91	48,98±3,13	42,08±2,18	9,77±1,19	43,66±2,74	49,72±2,16
Аллювиальды- шалғын топырақ	1995	0,26±0,021	0,70±0,03	-	12,68±0,75	3,51±0,22	-	84,42±1,40	57,63±3,10	-	2,90±0,29	38,86±2,15	-
Аллювиальды- шалғын топырақ	1995	0,93±0,06	1,36±0,11	-	1,63±0,04	1,47±0,03	-	63,36±3,15	54,96±2,68	-	35,01±1,90	43,57±2,06	-

MgSO<sub>4</sub> артып, ал Na<sub>2</sub>SO<sub>4</sub> кеміді. Хлорид тұздары MgCl<sub>2</sub>, NaCl, KCl тұздары есебінен азайды. Қабыршақты-борпылдақ сортандардың 0-200 см қабатындағы уытты тұздардың жалпы қоры 83,74%, соның ішінде хлоридтер 43,23; ал сульфаттар 40,53 құрады. Химизм типі хлоридті-сульфатты магний-натрийлікке айналды.

Шөлдік зонаға тән шамалы жауын-шашының мөлшерінен топырактың сортанқ қабыршағы ша-йыла бастайды да су режимі пленкалық-қылтұтқіті-грунттік типі бойынша қалыптасады. Нәтижесінде тақырлап нұшы сортанға айналады. Хлоридтер мен сульфаттар арасында керібайланыс орнаған. Катиондардың иондық құрамы топырактың 0-30 см қабатында континентальдық  $\text{Na} - \text{Ca} - \text{Mg}$  түрінде орналасты. Тәменгі қабаттарында теңсіздік  $\text{Na} - \text{Mg} - \text{Ca}$  түрінде қалыптасты. Мерзімдік аспектте катиондардың иондық құрамы континентальдыққа  $\text{Na} - \text{Ca} - \text{Mg}$  айналады. Гипотетикалық тұздардың түрлік құрамындағы сульфат тұздарының топырақ қабаты терендеген сайын азайып, ал хлорид тұздарының көрініші көбеюін байқаймыз. Мерзім бойынша сульфат тұздарының топырактың бүкіл кескіні бойынша артуы екі есеге дейін жуықтады. Соның ішінде кальций және натрий тұздарының қоры артып, ал магний сульфатының кемуі байқалды.

Жерасты ыза сүйнің айнасы критикалық деңгейден төмөндегендегендегендегенде топырақ кескінің орта және төмөнгі қабаттарында жоғары бағытталған пленкалық булануынан тұздар баяу жинақталады. Нәтижесінде тұздану уыттылығының жиынтық эффектісі топырактың төмөнгі қабаттарында біршама жоғары болып келеді – 26,37. Такырланушы сортаңдардың 0-200 см қабатындағы уытты тұздардың жалпы коры 78,28%; соның ішінде хлоридтер 46,66; ал сульфаттар 31,62% құрады.

Тақыр тәрізді сортандар мен тақыр тәрізді то-  
пырактар Қасқақулан кіндік – бағанасындағы 1965–  
1966 жж. ашылған тілімдерінде қалыптасты. Құмды  
топырақ сияқты тақыр тәрізді топырактар да топы-  
рак жамылғысы эволюциясының соңғы түйіні бо-  
лып табылады. Бұл топырақ тақырланушы сортан-  
дардың шөлейттенуі және ондағы тұздардың жау-  
ын-шашиң есебінен шайылуы нәтижесінде қалып-  
тасады. Такырлануы кезінде ашық түрде дефляция-  
лық үрдіс журмейді. Құмды топырақ сияқты тақыр  
тәрізді топырактардың да беткі қабаты тұзданбаған.  
Әсіресе ол оның тақыр тәрізді қабатында айқын бай-  
қалады. Бұл сонымен су мен тұз режимдерінің  
шөлдік типіндегі тұzsыздану кезеңін сипаттайды.  
Тақыр тәрізді топырактардың арасынан сортандан-

ған және кебірлі сортанған түрлерін айыруға болады.

Тақыр тәрізді сортандардың тұздық пішіні әлі де болса өзіне тән сортандық типін сактаған. Мұнда тұздар максимумы жоғарғы 0-30 см қабатында шоғырланған. Топырақ бетінде өзіне тән такыр тәрізді сарғыш-сүр қабықша пайда болды. Ол майда санылаулы жарықшақтанған. Хлоридтер мен сульфаттар арасында кері байланыс орнаған. Катиондардың иондық құрамы топырактың жарты метрлік қабатында континентальдық  $\text{Na} - \text{Ca} - \text{Mg}$  түрінде қалыптасты. Тек 50-70 см қабатындаған инверсияға ұшырап теніздік  $\text{Na} - \text{Mg} - \text{Ca}$  түріне алмасты. Себебі механикалық құрамы сәл ауырлады. Одан төменгі қабатында қайтадан континентальдық  $\text{Na} - \text{Ca} - \text{Mg}$  түріне оралды. Тұздардың түрлік құрамы топырактың бір метрлік қабатында  $\text{NaCl} > \text{CaSO}_4 > \text{Na}_2\text{SO}_4 > \text{MgSO}_4 > \text{KCl} > \text{Ca}(\text{HCO}_3)_2$  тенсіздігінде берілді. Сульфат тұздарының хлорид тұздарына катынасы 0-30 см қабатында 0,642; ал 0-100 см қабатында 0,737 айналды. Тақыр тәрізді сортандан-ған топыракка трансформацияланғанда бұл  $\text{CaSO}_4 > \text{NaCl} > \text{Na}_2\text{SO}_4 > \text{MgSO}_4 > \text{KCl} > \text{Ca}(\text{HCO}_3)_2$  тенсіздігіне метаморфтанды. Нәтижесінде сульфат тұздарының хлорид тұздарына катынасы 0-30 см қабатында 0,556 дейін азайғанмен 0-100 см қабатында 2,081 дейін жоғарылады. Мерзім бойынша топырактың 0-100 см қабатында сульфат тұздарының артуы байқалды. Соның ішінде кальций сульфаты 3,958; магний сульфаты 1,658; ал натрий сульфаты 1,876 есе артты. Хлорид тұздары азайды. Соның ішінде хлорлы натрий 0,889; ал хлорлы калий 0,970 есе кеміді. Тақыр тәрізді сортанданған топырактың 0-100 см қабатындағы уытты тұздардың жалпы қоры 60,15%, соның ішінде хлоридтер 31,94; ал сульфаттар 28,21% құрады. Минералдығы 50,35 г/л жерасты ыза суларындағы тұздар  $\text{NaCl} > \text{MgSO}_4 > \text{MgCl}_2 > \text{CaSO}_4 > \text{KCl} > \text{Ca}(\text{HCO}_3)_2$  тенсіздігінде орналасты. Уытты тұздардың жалпы қоры 95,65% болса, соның ішінде хлоридтер 80,25; ал сульфаттар 15,37% құрады. Кеңістікмерзімдік аспекте хлоридтердің үлесі арта бастады.

ЭДЕБИЕТ

1. Базарбаев Ж., Алламуратов Б., Тлеуов Р. и др. Экологический кризис и здоровье населения Южного Приаралья // Тез. международ. научно-практич. конф.: «Реальность и перспективы устойчивого развития экосистем Аральского региона». Алматы, 2002, С.20-22.

2. Галаева О.С., Семенов О.Е. О выпадении аральского аэрозоля на подстилающую поверхность региона // Гидрометеорология и экология. 1997, №2, С.122-135.

3. Костюченко В.П., Богданова Н.М. Характер засоления почвогрунтов и миграция солей на осушающемся дне Аральского моря // Влияние межбассейнового перераспределения речного стока на природные условия европейской территории Срединного региона СССР. М., 1975, С.27-31.
4. Фаизов К.Ш., Тапалова А.С. Экология кризисной территории Приаралья. Проблемы и их решения. Алматы, 2003. 109с.
5. Ишанкулов М.Ш. К типологии ландшафтов современных осушающихся побережий Араля // Проблемы освоения пустынь. 1980. №5. С.18-23.
6. Ишанкулов М.Ш., Курочкина Л.Я., Макулбекова Г.Б., Некрасова Т.Ф. О динамике процессов ландшафтообразования юго-восточного побережья Аральского моря (Босайский створ) // Проблемы освоения пустынь. 1979. №2. С.40-51.
7. Досбергенов С.Н. Құрғаған теңіз табаны топырағын қалыптастыру // Жаршы. 2003. №2. 37-40 бб.

### Резюме

Изменение солевого состава примитивных почв при антропогенном опустынивании связано с эколого-генетическим рядом их развития, а также с запасами солей, содер-

жащихся в них. Эволюционное развитие почв сопровождается увеличением сульфатных солей. В пространственно-временном аспекте минерализация грунтовых вод возрастает. Среди основных солей доминирует хлорид натрия.

### Summary

The geochemical redistribution of salts in soils and ground waters are observed on the drained bottom of the Aral Sea. The mineralization of the ground waters grows with the increase of aridization. Chlorides dominate among the main salts. The increase of sulphate salts is observed in soils under the process of transformation.